

**«6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Таттибаева Жадра Аширхановнаның «Суды сазды тасымалдаушыларда иммобилизацияланған микроағзалар
жасушаларының көмегімен Cr (III) және Cr (VI) иондарынан сорбциялық тазарту» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p><u>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі қаржыландырылған "BR05236419 – Жоғары эффективті кең спектрлі практикалық колданыс мүмкіндігі бар функционалданған органикалық заттар мен материалдарды құру" ғылыми бағдарлама шенберінде орындалды (2018-2021 ж.ж.).
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маныздылығы ашылған, яғни теориялық және қолданбалы манызы бар ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жоғары сорбциялық қасиетке ие биосорбенттер мен сазды биокомпозиттер синтездеу және олардың қасиеттерін анықтау бойынша жаңа нәтижелерге кол жеткізілген.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаган</p>	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмысты орындау кезінде докторант өз бетінше улken көлемдегі теориялық және тәжірибелік зерттеулерді іске асырған, бұған күэ ретінде автордың жариялаған мақалалары мен халықаралық конференцияларда жасаған баяндамаларын және пайдаланған әдебиет тізімінің (248) комактылығын көлтіруге болады.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Хром өндіру көлемі бойынша Қазақстан әлемнің жетекші елдері қатарына

	принципі	<p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	(Оңтүстік Африка, Ундістан және Қытай) енеді. Экологиялық мәліметтерге сәйкес, еліміздің өндірістік сұлары құрамындағы хром иондарының концентрациясы кауіпсіз деп саланатын мәлшерден 2-3 есеге асып түседі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігіне «Жасыл химия» талаптарына сай өндірістік қалдық сұларын құрамындағы ауыр метал иондарынан, оның ішінде уыттылығы жоғары деп саналатын хром иондарынан тазалауга мүмкіндік беретін тиімді және колжетімді биосорбенттер жасауды және олардың физика-химиялық және сорбциялық қасиеттерін заманауи әдістер арқылы зерттеп, дәлелдегенді жатқызуға болады.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <p>1) <u>айқындаиды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	Диссертацияда зерттелген және қарастырылған материалдар оның тақырыбына толық сәйкес келеді, яғни әдеби шолу да, зерттеу нәтижелері де өндірістік ағын сұларды хром иондарынан адсорбциялық әдіспен тазалау мәселесін шешуге бағытталған. Ол үшін балдырдың 2 түрі алынып, олардың химиялық құрамы, физика-химиялық, беттік сипаттамалары анықталып, жоғары сорбциялық қасиеттері зерттеп дәлелденген.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	Диссертацияның мақсаты оның тақырыбына сәйкес келеді, ал қойылған міндеттер осы мақсатқа жетуге бағытталған.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок</p>	Диссертацияның барлық бөлімдері мен жасалған тұжырымдары өзара логикалық байланысқан. Олар қойылған міндеттердің орындалуын, теориялық зерттеулер мен тәжірибелік нәтижелер арасындағы байланысты дәйекті түрде көрсетеді.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыны талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Биосорбенттер мен биокомпозитті сорбенттер алу үшін құрамы мен құрылышы әртүрлі жасушалар алынып, олардың сорбциялық қасиеттері басқа аналогтармен салыстырылған, айырмашылықтары анықталып, оларға сынайы талдау жасалған. Ал биокомпозиттерді алуша және олардың сипаттамаларын жаксарту мақсатында отандық сазды шикізат таңдалып, оны модификациялау және оған жасушаларды отырғызу (иммобильдеу) алға қойған мақсатқа жету ретінде жүргізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа, өйткені Cr (III) және Cr (VI) иондарының <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris</i> ZBS1 балдыр жасушалары беттіне адсорбциялануы алғаш рет жан-жакты зерт-

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>телген, процестің кинетикалық және термодинамикалық сипаттамалары, сонымен катар иондардың коагуляциялық және токсикалық әсерлері зерттеліп дәлелденген.</p> <p>Қорытындылар теориялық және тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері негізінде жасалған. Cr (III) және Cr (VI) иондарының <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris ZBS1</i> балдыры жасушалары бетінде адсорбциясы жан-жақты зерттеліп, оған әсер ететін факторлар (электрокинетикалық потенциал, металл иондарының концентрациясы, температура, органың pH мәні) анықталған және процестің оңтайлы жағдайы нақтыланған. Алынған нәтижелер негізінде ағын суларды тазалау барысында сорбенттердің физика-химиялық қасиеттері мен биологиялық табигаты шешуші рөл атқаратындығы атап көрсетілген. Биосорбенттердің судан бөлінуін жеңілдету мақсатында оларды хитозанмен өндөлген цеолит бетіне отырғызу (иммобильдеу) ұсынылған. Сонда цеолит-хитозан балдыры жасушалары биокомпозиті арқылы өндірістік ағын суды құрамындағы Cr (III) және Cr (VI) иондарынан тазалау дәрежесі, сәйкесінше, 98,5 % және 94,6 % құрайтындығы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері беделді ғылыми басылымдарда мақалалар түрінде ("Heliyon", "Eastern-European Journal of Enterprise Technologies") және халықаралық конференциялардың материалдарында жарияланған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижелерінің техникалық жаңалығы ретінде балдыры жасушалары мен табиги сазбалышты (цеолит) пайдалана отырып, өндірістік ағын суларды құрамындағы хром иондарынан тазалау үшін қажетті биосорбенттер алушы жатқызуға болады. Технологиялық және экономикалық басқару шешімдерінің жаңалығы ретінде лиофильдігі жоғары жасушаларды судан бөліп алу процесін жеңілдету мақсатында оларды қатты дене бетіне отырғызууды ұсыну және ол үшін тасуышы материал ретінде арзан және қолжетімді отандық шикізат - цеолитті пайдалану шешімін атап өтуге болады. Бұл нәтижелер "ҚазҰУ хабаршысы, Химия сериясы" журналында шықкан мақалада жарияланған.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p><u>Барлық қорытындылар ғылыми тұргыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u></p>	<p>Барлық қорытындылар жеткілікті түрде негізделген. Тәжірибелі мәндер СЭМ, электрофорез, ИК-спектроскопия, рентгенфлюоресценттік спектроскопия және т.б. сияқты заманауи физика-химиялық зерттеу әдістері көмегімен алынған және олар Ленгмюр, Фрейндлих, Дубинин-Радушкевич, Темкин адсорбция модельдері арқылы өндөлген. Алынған нәтижелер әдебиеттерде белгілі нәтижелермен сыйайы түрде салыстырылып талқыланған.</p>

7.	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>1. Cr (III), Cr (VI) иондарының <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris ZBS1</i> балдыры жасушалары бетінде адсорбциясы бағаланып, нәтижелер Ленгмюр, Фрейндлих, Дубинин-Радушкевич және Темкин модельдері шенберінде өндөлді. Адсорбция негізінен ковалентті емес электростатикалық әрекеттесулермен аныкталады, алайда адсорбцияланган иондардың жасуша бетінің функционал топтарымен байланысунда ион алмасу, тотыгу-тотықсыздану процестері және донорлық-акцепторлық әрекеттесулердің рөлі маңызды.</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 7.2 Тривиалды ма? <u>2) жоқ</u> 7.3 Жана ма? <u>1) ия;</u> 7.4 Қолдану деңгейі: <u>2) орташа;</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u></p> <p>2. Есептелген (ΔG°, ΔH°, ΔS°) термодинамикалық параметрлер бойынша <i>Chlorella Vulgaris ZBS1</i> балдыры жасушаларының бетіндегі Cr (VI) иондарының адсорбциясы эндотермиялық және өз еркімен жүрмейтіндігі, ал <i>Spirulina platensis</i> балдыры жасушаларының бетіндегі Cr (III) иондарының адсорбциясы экзотермиялық және өз еркімен жүретіндігі адсорбцияланатын иондардың зарядымен және ортаның pH-ымен анықталады.</p>	<p>Корғауға ұсынылған барлық қагидаттар тәжірибелер арқылы расталған және сипатталған, жаңа болып табылады, сондықтан тривиальды емес. Бұл қагидаттар жарияланған мәліметтерге негізделген.</p> <p>1. Cr (III) және Cr (VI) иондарының <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris ZBS1</i> балдыры жасушалары бетінде адсорбциясы зерттеліп, нәтижелері заманауи адсорбция модельдері арқылы өндөлген. Адсорбция процесінің онтайлы шарттары анықталған. Жасуша бетінің функциональдық топтары мен адсорбцияланатын иондардың әрекеттесу механизмі анықталған. Қагидат жана болып табылады. Тәжірибе нәтижелері заманауи әдістер арқылы алынған және толықтай талқылаган. Зерттеу нәтижелері “Eastern-European Journal of Enterprise Technologies” (2021 ж.), “Heliyon” (2022 ж.) және “KAXAK” журналдарында жарияланған.</p> <p>2. Бұл қагидат бойынша адсорбция процесінің кинетикалық және термодинамикалық нәтижелері қарастырылған. <i>Chlorella Vulgaris ZBS1</i> балдыры жасушаларының бетіндегі Cr (VI) иондарының адсорбциясы эндотермиялық және өздігінен жүрмейтіндігі, балдыры жасушалары бетінің аниондық топтары мен Cr (VI) аниондары арасындағы электростатикалық тебісу күшін бәсендешту үшін энергия шығыны болатындығы анықталған. Ал <i>Spirulina platensis</i> балдыры жасушалары бетіндегі Cr (III) иондарының адсорбциясы экзотермиялық және өздігінен жүретіндігі анықталған. Бұл жағдай адсорбцияланатын иондардың зарядымен, ортаның pH-ымен тығыз байланыста қарастырылған. Қагидат жана болып табылады. Зерттеу нәтижелері заманауи әдістермен алынған,</p>
----	--	--	--

	<p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p><u>2) орташа;</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p>	<p>толыктай сипаттамасы берілген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері “Eastern-European Journal of Enterprise Technologies” (2021 ж.) және Heliyon” (2022 ж.) журналдарында жарияланған.</p>
	<p>3. Ст (III) иондарының 10^{-3} моль/л концентрациясы <i>Spirulina platensis</i> жасушаларына уыттылық әсерге қарсы тұру қабілетін беретіні, 7 күннен соң жана балдыр жасушаларының пайда болуы олардың Ст (III) иондарын коректік орта ретінде пайдаланатындығын көрсетеді. Ал Ст (VI) иондарының токсикалық әсері жасушаның қорғаныс және гидратталған микроортасын бұзып, жасушашілік ортаға түсетіндігімен ерекшеленеді. Ал Ст (VI) иондарының токсикалық әсері жасушаның қорғаныс және гидратталған микроортасын бұзып, жасушашілік ортаға түсетіндігімен ерекшеленеді.</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p><u>2) орташа;</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p>	<p>3. Ст (III) және Ст (VI) иондарының балдыр жасушаларына уыттылық әсері зерттелген. Ст (III) иондарының 10^{-3} моль/л концентрациясы <i>Spirulina platensis</i> балдыр жасушаларына уыттылық әсерге қарсы тұру қабілетін тудыратындығы және 7 күннен соң жана балдыр жасушаларының пайда болуы олардың Ст (III) иондарын коректік зат ретінде пайдаланатындығын анықтай түсken. Ал Ст (VI) иондарының токсикалық әсері жасушаның қорғаныс және гидратталған микроортасын бұзып, жасушашілік ортаға енетіндігімен ерекшеленеді, оның айғағы ретінде Ст (VI) иондары концентрациясы 10^{-5} моль/л –ден 10^{-1} моль/л-ге дейін өзгергенде жасушалардың өсуі тежелетіндігін айтуда болады. Яғни Ст (VI) иондары балдыр жасушаларына токсикалық әсер етеді деп айтуда негіз бар.</p> <p>Қагидат жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелері заманауи әдістермен зерттеліп, толыктай сипатталған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері “Eastern-European Journal of Enterprise Technologies” (2021 ж.) журналдарында және халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.</p>
	<p>4. Ст (III) иондарының $10^{-5} - 10^{-3}$ моль/л концентрация аралығында <i>Spirulina platensis</i> жасушаларының бетіндегі адсорбциясы олардың суспензияларының коагуляциясын тудырады. Алайда, Ст (III) тұзының концентрациясы 10^{-1} моль/л-ге жеткенде коагуляция жасуша бетінің көп зарядты Ст (III) ионда-</p>	<p>Бұл қагидат дәлелденген және тривиалды емес. Ст (III) иондарының $10^{-5} - 10^{-3}$ моль/л концентрациясындағы <i>Spirulina platensis</i> балдыр жасушаларының бетіне адсорбциясы олардың суспензияларының коагуляциясын тудыратындығы анықталған. Балдыр жасушалары суспензияларына электролит қосу барысында жүйенің тұрақтылығының күрт төмендеуі, жасуша бетіне хром иондарының адсорбцияланып, беттік зарядтың бейтараптанып, диффузиялық қабаттың сығылуы салдарынан</p>

	<p>рымен қайта зарядталуына байланысты тұрактануга аудасады.</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p><u>2) орташа;</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p>	<p>дзета-потенциал мәнінің төмендеуімен түсіндірілген. Ал Cr (III) тұзының концентрациясы 10^{-1} моль/л-ге жеткенде жасуша бетіне көп зарядты Cr (III) иондарының артық мөшері адсорбциялануы нәтижесінде жасуша беті қайта зарядталып, жүйе тұрақты күйге көшетіндігі анықталған. Қагидат жана болып табылады. Зерттеу нәтижелері коагуляцияның ДЛФО теориясы шенберінде талқыланған. Зерттеу нәтижелері “Eastern-European Journal of Enterprise Technologies” (2021 ж.) журналдарында жарияланған.</p>
	<p>5. Cr (III), Cr (VI) иондарының балдыр жасушалары бетінен десорбциясы 0,1 моль/л HCl және 0,1 моль/л NaOH ерітінділерінде 120 минутта сәйкесінше 78,5 % және 80,3 % жетеді. Биосорбенттерді судан Cr (III), Cr (VI) иондарын беліп алу үшін кемінде 5 рет регенерациядан өткізіп, қайталап колдануға болады.</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p><u>2) орташа;</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p>	<p>Жоғары концентрациялы қышқыл ортада хром (III) иондарының және жоғары концентрациялы сілті ортада теріс зарядталған хром (VI) иондарының десорбциялануы процестерінің толығымен жүрмейтіндігі осы екі иондардың адсорбциясы барысында физикалық құштермен қатар химиялық әрекеттесулер де орын алатындығын дәлелдей түседі. Cr (III) пен Cr (VI) иондарының адсорбция-десорбциясын 5 рет қайталанғаннан кейінгі <i>Spirulina platensis</i> пен <i>Chlorella vulgaris ZBS1</i> сорбенттері көмегімен 68,1 % және 70,5 % металл иондары ерітіндіден беліп алынған. Бұл жайт сорбенттердің тұрақтылығын және оларды қайта пайдалану мүмкіндігін көрсетеді. Қагидат жана болып табылады. Зерттеу нәтижелері заманауи әдістермен зерттеліп, толықтай сипатталған. Зерттеу нәтижелері “Heliyon” (2022 ж.) журналында жарияланған.</p> <p>Диссертациялық жұмысқа қатысты жалпы қатаң ескерту мен кемшілік жоқ. Дегенмен, мынадай мәселелеге көніл белу керектігін атап өткім келді. Хром иондарының (Cr (III) және Cr (VI)) жасушалар беттеріне адсорбциясының термодинамикалық параметрлерін есептеу барысында алынған мәндерді (ΔG°, ΔH°, ΔS°) талдау және теориялық тұргыдан түсіндіру, менің ойымша, толыққанды іске аспаған.</p>

8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ғылыми зерттеуді жүргізу әдістемесі толық сипатталып, алынған сынамаларды зерттеу әдістері келтірілген.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау кезінде рентгенфазалық талдау Rigaku MiniFlex 600 (Жапония), рентгенфлюоресценттік талдау Фокус 2М (Ресей), атомдық-абсорбциялық спектроскопия Agilent 240FS AA (АҚШ), ИК-спектроскопия Spectrum 65 (Perkin-Elmer, АҚШ), УК-спектрофотометрия UV-7504 (Қытай), сканерлеуші электрондық микроскопия (СЭМ) Quanta 200i 3D (FEI, АҚШ), оптикалық микроскопия Axio Vert A. 1 (Carl Zeiss, Германия), электркинетикалық талдау (Z-сайзер) Malvern Zetasizer Nano ZS 90 (Malvern, Ұлыбритания) және 4МР камера-мониторы бар EX30 маркалы тікелей зертханалық микроскоп (Қытай) сияқты заманауи физика-химиялық талдау әдістері колданылған және алынған нәтижелер осы саладағы соңғы әдеби мәліметтермен салыстыра отырып талқыланған. Зерттеу барысында сертификаттаған әдістемелер мен МемСТ қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс қорытындылары мен анықталған заңдылықтар тәжірибелік зерттеу нәтижелері арқылы расталған.</p> <p>Диссертация нәтижелерін талқылау үшін пайдаланылған маңызды мәлімдемелер осы саладағы сенімді ғылыми әдебиеттеріне сілтемелермен расталған. Олардың басым бөлігі ауыр металл иондарының микроагзалар жасушалары бетіндегі адсорбциясына арналған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста 248 дерек көзі пайдаланылған, яғни пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга және қажетті корытындылар жасау үшін әбден жеткілікті.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызына Cr (III) және Cr (VI) иондарының құрылсысы мен құрамы әртүрлі <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris</i> ZBS1 балдырып жасушаларының бетіне адсорбциялану</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызына Cr (III) және Cr (VI) иондарының құрылсысы мен құрамы әртүрлі <i>Spirulina platensis</i> және <i>Chlorella vulgaris</i> ZBS1 балдырып жасушаларының бетіне адсорбциялану</p>

		зандылықтарын және адсорбция процесіне әртүрлі факторлардың әсер ету зандылықтарын анықтауды, сонымен бірге кинетикалық және термодинамикалық есептеулер негізінде адсорбция процесін табиғаты мен қозғаушы күші туралы мәліметтерді, жасушалардың өміршендігіне хром иондарының токсикалық әсері және басқа да нәтижелерді жатқызуға болады.	
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығына жоғары сорбциялық қасиетке ие биосорбенттер алу және олардың адсорбциялық сипаттамаларын анықтау жатады. Нәтижелерді практикада колдану өндірістік ағын суларды құрамындағы уыттылығы жоғары хром иондарынан тазалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар биосорбенттер мен биокомпозиттерді алу және қолданудың экономикалық тиімділігі шикізаттардың арзандығымен және қолжетімділігімен негізделген.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста алғаш рет балдыр жасушалары-цеолит-хитозан негізінде композиттік материалдарды өндірістік ағын суларды құрамындағы уыттылығы жоғары хром иондарынан тазалау үшін тиімді биосорбенттер ретінде пайдалану ұсынылған. Тазалау процесінің онтайлы жағдайлары толығымен анықталған.	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде жазылған. Дегенмен, кейбір сөздерді, терминдер мен сөз-тіркестерін қазақшага аударғанда мұқият болған жөн. Айтальық, «өзінен-өзі жүретін реакция» дегеннің орнына «өз еркімен жүретін реакция» немесе «өздігінен жүретін реакция», «тесіктер пайда болады» дегеннің орнына «құыстар пайда болады», «әксперимент» дегеннің орнына «тәжірибе», «бос энергия» дегеннің орнына «еркін энергия» деген дұрыстау сияқты.

Таттибаева Жадра Аширхановнаға «6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады.

Ресми рецензент:

Химия ғылымдарының докторы,
Сәтбаев университеті, О.А. Байконыров атындағы
Тау-кен metallургия институтының «Химиялық процестер
және өнеркәсіптік экология» кафедрасының профессоры



К.Ж. Эбдиев